Некоторые особенности современного музыкального образования в детской музыкальной школе

Андриянова Марина Вячеславовна

Коммунальное государственное казенное предприятие «ДМШ» отдела образования города Лисаковска» Управлении образования акимата Костанайской области

Преподаватель ДМШ по классу виолончели

Массовое музыкальное воспитание и образование, помимо учреждений общеобразовательного типа (школы, гимназии, лицеи), осуществляется в системе детских школ искусств (ДШИ) и детских музыкальных школ (ДМШ).

Целью обучения детей в ДМШ и ДШИ является подготовка в большинстве своей любителей музыки, которые обладают навыками музыкального творчества, могут самостоятельно разобрать и выучить музыкальные произведения, владеть инструментом, подобрать мелодию, аккомпанемент к ней. Научить музицировать можно любого ученика, имеющего даже весьма средние данные. Все это требует от педагога высокого профессионализма, творческого подхода к обучению ребенка и большой к нему любви и уважения.

Родители часто отдают детей в музыкальную школу вовсе не для того, чтобы вырастить из него профессиональных музыкантов, а для того, чтобы дети приобщились к миру классической музыки, полюбили её.

И вот ребенок, приступивший к занятиям музыкой, на протяжении долгих лет ежедневно приобщается к этой классической музыке, изучает нотную грамоту, осваивает технику игры на музыкальном инструменте, знакомится с произведениями различных жанров, и слушает, слушает музыку. В общем, он живет в этом мире. Музыка становится для него естественной средой обитания. Тогда почему же часто случается так, что этот самый ребенок, даже успешно окончив музыкальную школу, часто после этого за инструмент вообще не садится? И на концерты не ходит? И вообще, классическую музыку не любит?

А не потому ли, что за эти долгие годы музыкального образования музыки ему давалось слишком много: он должен был слушать ее, когда ему вовсе этого не хотелось. Он был вынужден часами просиживать за инструментом, разучивая сложные пассажи. В общем, вместо того, чтобы наслаждаться музыкой, ребенок от нее страдал.

Занятия музыкой – это тяжелый труд. Он по силам только тем, у кого есть стремление заниматься музыкой, кто не мыслит себя без музыки. Таких детей сразу видно их не надо заставлять заниматься из под палки. Им это все просто очень нравится. Но ведь большинство детей посещающих музыкальную школу, не собираются становиться профессиональными музыкантами. У них есть другие интересы, не связанные с музыкой. Им тоже нравится музыка, им нравится ею заниматься, но не в таких количествах, как требует программа музыкальной школы, они не готовы часами просиживать за инструментом и разучивать то, что у них не получается.



К сожалению, слишком часто еще в стенах ДМШ у детей гаснет первоначальный импульс заинтересованности в музыке и желание музицировать: возникают противоречия между ограниченным набором педагогического репертуара и приемов и актуальными повседневными музыкальными потребностями и интересами современного школьника. В этих условиях резко возрастает роль творческой активности педагога: его репертуарных и методических поисков. Принципы и методы современной творческой педагогики должны способствовать решению многообразных задач воспитания музыканта в процессе обучения: стимулирования активного, заинтересованного отношения к музыке, желанию музицировать и творчески само выражаться, развивать художественный вкус и эрудицию во всем разнообразии жанров и стилей музыки народной, академической и популярной.

Музыка и искусство уже в силу своей внутренней природы должны быть главной частью любого воспитания, а для этого они должны стать частью образования каждого будущего учителя. Ведь музыкальная педагогика – искусство, требующие от людей, посчитавших себя этой профессии, громадной любви и безграничного интереса к своему делу.

Сегодня в музыкальной педагогике начинает происходить обоснованная требованиями времени смена привычных приоритетов, традиционных способов работы с ребенком, считавшихся надежными и естественными как мир. Этот процесс сопровождается не только заменой традиционных педагогических технологий на инновационные. Прежде всего это пересмотр целей и ценностей образования, смена технократических отношений в системе "учитель – ученик" на гуманистические, переход от авторитарной позиции преподавателя к сотрудничеству с учениками как активными субъектами образовательного процесса. Выглянуть во внутренний мир каждого ребенка и раскрыть его творческие способности – задача преподавателей ДШИ и ДМШ, решить которую помогают современные образовательные технологии.

Внедрение в учебный процесс компьютерных технологий повышает эффективность и результативность обучения, создает активные условия для воспитания личности ребенка. Применения компьютерных технологий в сфере музыкального образования позволяет педагогу качественно изменить содержание, методы и формы обучения, модернизировать некоторые виды работы. Эти технологии усиливают интеллектуальные возможности учащихся. Новые информационные технологии оптимизируют учебный процесс, позволяют найти индивидуальный подход к каждому ребенку. Реализуется не только индивидуальный подход в обучении, но и дифференцированный.

В заключении хочется еще раз сказать и подчеркнуть, что сама система обучения ДМШ, основанная на индивидуальные занятия, кроет в себе огромные возможности, основное достоинство которых заключается в гуманистической направленности, личностно-ориентированных аспектах.



Инклюзивтік білім беру – қайырымдылық пен адамгершілік бастауы

Аубакирова Динара Саимбековна

ШҚО ББ «№8 арнайы мектеп- интернаты» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

«Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек».

Неміс педагог-дефектологы П.Шуман

Мақала жұмысына аңдатпа:

- Бұл мақалада инклюзивтік білім беру - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат;

-Психологиялық және физиологиялық дамуындағы мүмкіндіктерінің шектелуіне, қандай да бір кемшіліктермен туылған балаларды дені сау балалармен бірге оқыту, білім беру және тәрбиелеу;

-Инклюзивтік білім беру негізінде балалар арасында дискриминацияны болдырмау;

-Арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау

-Әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім берудің маңыздылығы баяндалған.

Тірек сөздер:

1.Инклюзивті оқыту-инклюзивное обучение- inclusive education

2. Жеке оқу бағдарламасы- индивидуальная программа обучения- individual training program

3. Арнайы жағдай жасау- создание специальных условий- creating special conditions

4. Компенсаторлық құралдар- компенсаторные средства- compensatory tools

5. Мүмкіндігі шектеулі- с ограниченными возможностями- with disabilities

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңында «Даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық- медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы» делінген.

Атап айтсақ, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР «Инклюзивті білім беруді дамыту» Тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да бұл мәселе қарастырылған.

Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі – елімізде инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады.

Инклюзив (латын тілінен «өзімді қосқанда») тәжірибе мен стратегияда, өзінің құндылығын нақтылы түрде көрсетеді, яғни оның мүмкіндігіне қарамастан, әр адамның құқығын қолдайды, қоғам мен қоғамдастық, отбасының толық құқылы мүшесі ретінде қызмет ету түріндегі кең ортаға қатысады.



Мұғалімдер, бала- бақшадағы тәрбиешілер мен мұғалім-логопедтер, мұғалім-дефектологтар, педагог-психолог мамандарының жұмыс арасындағы шекарасын өшіріп, арнайы білім беру мен жалпы білім беру, жаппай балабақшалар арасындағы қарым-қатынасты құруға тәрбиелеу мен оқыту (инклюзивті) интеграциялық дамытуға жеткізеді.

Жалпы инклюзивті білім беру – мүмдігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін : жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қайшы етіп қоймай, қайта жақындатады. Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе-балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруде мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді;

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы.

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс;

- Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады;

- Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту;

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды:

1.Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.



2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету- өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда, жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары: мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Сонымен, қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. Әр оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орнын, өз мамандығын табуға көп көмек болар еді. Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық - педагогикалық орталықтарды көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөленіп, мүмкіндігі шектеулі балалар да басқа балалардан қалыс қалмайтыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г

2.Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

3.Саламан Декларациясы ЮНЕСКО 1994 ж

4. ҚР- ның білім туралы Заңы, 2008 ж Мектептегі психология, №3 2010 ж

5. Әлеуметтік педагогика, №3, 2011 ж.

6. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004ж

7. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж



Физиканы оқытуда сандық білім беру ресурстары құралдарын қолдану тиімділігі

Ахмедова Дилдора

2-курс магистранты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Сарыбаева Алия Хожанкызы

«Цифрландыру» термині ақпараттық - телекоммуникациялық технологиялардың күшеюіне байланысты пайда болды. Ал кейбір ғалымдар, мысалы, Е. Л. Варганова, М. И. Максименко, С. С. Смирнов бұл тұжырымдаманы ақпаратты санға аудару және сонымен бірге білім мазмұнының инфрақұрылымдық, басқарушылық, мінез-құлық, мәдени компоненттері ретінде қарастырады [1, 17 б.].

А.Марейдің көзқарасы бойынша цифрландыру өзара қарым-қатынас пен әрекеттесу парадигмасының өзгеруі деп қарастырады. Осылайша, білім беруді трансформациялауда цифрландыруды негізгі тәсілдердің бірі деп санайды. Бұл тек цифрлық ресурстарды пайдалануға ғана емес, сонымен қатар ақпараттық-білім беру ортасын жетілдіруде көп пайдасын тигізуде. Цифрландыру өндірістік процестерді қарқындатуға негіз болады [2].

Н.П. Петровтың «Білім берудегі цифрландыру» атты мақаласында оның негізгі элементтерінің бірі цифрлық сауаттылық болып табылады деп қарастырды. Ғалымның пайымдауынша цифрлық сауаттылық пен білім берудің басты басымдығы, бұл сандық мазмұнды жобалау және пайдалану мүмкіндігі компьютерлік бағдарламалауды, графикалық техниканы қолдана отырып, онлайн курстарды визуализациялау, компьютерлік графика, мультимедиялық дамыту және т.б., ақпарат іздеу және алмасу, басқа білім алушылармен байланыс деп атады [3].

Сандық сауаттылыққа, мысалы, Генри Дженкинстің көзқарасы бойынша компьютермен жұмыс жасау бұл темірмен жұмыс жасағанмен тең, яғни білім алушы білуі тиіс: сандық технология мен адамның өзара әрекеттесуі қалай жүреді; құрылғылар мен қалай жұмыс жасалынады; сандық ақпарат қалай таратылады және желілік қауымдастық дегеніміз не, сонымен қатар әлеуметтік медиа ерекшеліктерінде түсіну керек [4].

Даг Белшоу сияқты ғалымдар цифрлық сауаттылықтың сегіз элемент бар деп санайды, оның ішінде интернет-ортаның мәдени мәнмәтініне ерекше орын беріледі. Сонымен қатар онлайн-режимде жұмыс істей білу, дағдыларды меңгеру өзін-өзі дамыту үшін "сандарды" қолдану деп түсіндіреді [5].

Цифрлық сауаттылықтың әртүрлі тұжырымдамаларының барлық авторлары әрбір оқушы цифрлық шындық деген не екенін білуі керек деп санайды ол адамға стресс емес даму көзі болатындығын аңғарту қажет. Цифрлық технология білім беруде таптырмас құрал ретінде қарастыруға болады.

Цифрлық сауаттылық бойынша біз оның әртүрлі түрлерін қарастырамыз: медиа сауаттылық, инновацияға көзқарас, коммуникативті, компьютерлік, ақпараттық сауаттылық. Цифрландыру міндеттерін шешу үшін біздің біліміміз сандық трансформациядан өту керек. Ғалымдардың пікірінше, білім беруді цифрлық түрлендіру – бұл әлемде болып жатқан жаһандық ақпараттық сын-қатерлерге жауап болмақ.

Л. В. Орлова білім алушылардың өз бетінше білім алып, өзіндік инновациялық білім алуына мүмкіндігі болуы тиіс екенін атап өтті, осылайша, ХХІ ғасырдың жаңа құзыреттерін қалыптастыру төрт нәрсе керек: шығармашылық, қарым-қатынас, сыни ойлау, ынтымақтастық [6].



Өз зерттеулерінде А. Ю. Уваров, білім берудің цифрлық трансформациясы білім беру сапасын түбегейлі жақсартуға әкелетін мазмұнның «синергетикалық» жаңаруымен бірге жүруі керек екенін атап өтті. Білім беруді цифрлық трансформациялау жүйесі қоғамның талаптары мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін болса, қоғамды цифрлық экономикаға әкеледі деген пікірімен келісеміз [7].

Физиканы оқытуда әр түрлі білім беру ресурстарын қолданылады.

Білім беру ресурсы - білім беру үдерісінде оқушы мен мұғалім тікелей білім беру функциясында қолданатын орта элемент.

Ақпараттық білім беру ресурсы - білім беруде қолданылатын ақпараттық ресурстардың әртүрлі түрлерін (материалдық ресурстардан айырмашылығын) қамтитын ең кең ұғым.

Сандық білім беру ресурстары (СББР) - білім беру мақсатында пайдаланылатын сандық, электрондық, «компьютерлік» нысанда ұсынылған ақпараттық-мазмұнды объектілер.

Физика оқыту үдерісінде сандық білім беру ресурстарын қолдануға арналған көптеген Интернет сайттары бар, олар атап айтқанда:

<https://itest.kz/kz> Физиканың барлық тақырыптары қамтылған, барлық физикалық құбылыстар толық түсіндірілетін керемет сайттардың бірі. Мұғалімдер, студенттер, оқушылар үшін таптырмас ақпарат көзі. Бұл сайтта кері байланыс үшін әр тақырыпқа сұрақтар, есептер және тесттер қарастырылған. Бітіруші сынып оқушылары үшін ҰБТ-ға дайындалуға тиімді сайт.

<http://uchitelya.kz> - сайттың мұғалімдерге тигізер пайдасы мол. Өйткені, мұнда сіз өзіңіз қалаған пәннен, қалаған тақырыптан дайын сабақ жоспарларын, дайын презентацияларды ала аласыз.

<http://blimland.com> Физика сабақтары қызықты, ал оқыту нәтижелі болу үшін тиісті бағдарламаны және көрнекілікті дұрыс таңдау жеткілікті. Курстың басты артықшылықтары: кешен сабақтары пәнді үйренуге көмектесетін интерактивті жаттығулардан, үшөлшемді модель түрлерінен, презентациялардан құралған.

<http://www.phys.fobr.ru/> физика бойынша анықтамалық материалдан және есептерді шешудің жан-жақты процесінен тұрады.

<http://shat.ee.saog.ac.ru/T-phisd> - мәселелерді өз бетінше шешуге арналған керемет тренажер. Сайтта мектеп оқушылары мен талапкерлерге арналған материалдар, типтік есептерді шешу әдістері, мектеп физика курсының барлық тақырыптары мен бөлімдері бойынша қарапайым және жоғары дәрежелі бақылау тестілерінің жинақтары ұсынылған.

<http://www.edu.ione.ru/apple/> - «Ньютон» физиканың виртуалды клубы. 2001 жылы РҒА А.Ф. Иоффе атындағы физика-техникалық институтының «Ғылыми-білім беру орталығы» жанынан «Қашықтықтан білім беру» бағдарламасы аясында құрылған.

Физика сабақтарында құбылыстарды СББР құралдары арқылы көрсеткен дұрыс. Өйткені осы құралдар арқылы физикалық үдерістердің ерекшеліктері түсінікті түсіндіріледі.

1) *Электрондық оқулықтар* – қолданушыға ақпаратты жүйелі ұйымдастырып қолдануға мүмкіндік беретін интерактивті жүйе. ЭО теориялық, анықтамалық-ақпараттық, практикалық материалдар мен тапсырмалардың, білімді меңгеруді бақылау және бағалауды, арнайы бағдарламалардың көмегімен қалыптастырылатын, ақпараттық мәтіндік, графикалық бейнесі және мультимедиялық видео және дыбыстық эффекттерімен берілетін ақпарат.

2) *Бейнекөрініс және сандық фотосуреттер* (физикалық тәжірибенің бейнекөріністері, оқу, деректі, көркем және мультипликациялық фильмдердің үзінділері). Басқа әдістер мен әдістік тәсілдермен көрсете алмайтын физикалық объектілерді, үдерістерді, құбылыстар мен эксперименттерді көрнекі түрде көрсететін бейне үзінділер.

3) *Компьютерлік модельдер*: Нақты объектілердің компьютерлік демонстрациялары:

а) құрылғының сыртқы көрінісін немесе құрылысын оқып үйрену құралы ретінде (3D Max, Adobe Flash және т.с.с. жасалған үш өлшемді модельдер);

ә) физикалық объектілердің жұмысы процессін (анимация), оның негізгі бөліктерінің жұмысының кезеңдерін, физикалық процесстердің өту реттілігін оқып үйрену құралы ретінде;



б) компьютер көмегімен есептеулер жүргізуге арналған бағдарламалау тілдерін қолдану (Pascal, Delphi т.б.)


3) *Дәрістер мен сабақтарды өткізуге болатын аудиоақпарат* (бейнеге түсіндіру жүргізу, модельдер, фотосуреттер, аудиосюжеттер).

4) *Компьютерлік тесттер* (оқу іскерліктерін өңдеу, білім сапасы мен іскерліктің қалыптасу деңгейін бақылау үшін) .

5) Физикалық процестер мен құбылыстарды *компьютерлік модельдеу* - оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше болып табылады.

Ал, физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мысалы, газдардағы электр тогы тақырыбын компьютерлік модельдеу арқылы түсіндірейік. Оқытушы жаңа тақырыпты жан-жақты түсіндіреді. Дәстүрлі әдіс бойынша оқытушы газдардағы электр тогы туралы түсіндірген кезде, студенттер сабақ барысында түрлі-түсті плакаттар мен құбылыстың жай ғана статикасын көреді (физика оқулығындағы иллюстрациялық, материалдар өтіліп отырған құбылыстың динамикасын көрсете алмайды). Бұл кезде студенттер оқытушыны тыңдап, сұрақтарға жауап беріп, ойлап, тақырыпты ұғуға көңіл бөліп қана отырады. Ал, біз ұсынып отырған әдіс бойынша сабақты толық, жан-жақты түсіндіргеннен кейін студенттерге компьютерлік модельдерді пайдаланып, газдардағы электр тогы, газдардың ионизациялануы, газдардың рекомбинациялануы, газдағы токтың табиғаты құбылыстарының динамикасы көрсетіледі (1-сурет).



Сандық жүйе – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және цифрлық ресурстардың мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Қорыта айтатын болсақ, кез келген әдіс, технология және сайт оны қолданушыға байланысты, сондықтан бұл сандық білім беру ресурстарын пайдалана біліп нәтижеге қол жеткізу мұғалімнің шеберлігімен ғана анықталады.

Сурет 1 - Газдардағы электр тогын тасымалдайтын бөлшектердің компьютерлік моделі

Физиканы оқытуда цифрлық ресурстарды қолданып оқытудың құралдары (электрондық оқулықтар, бейнекөрініс және сандық фотосуреттер, видеоматериалдар, компьютерлік модельдер т.б.) көмегімен білімгерлердің бағдарлама бойынша берілген білімдері, практикалық икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады.

Әдебиеттер

1.А. В. Кешелава, В. Г. Буданов, В. Ю. Румянцев и др. Введение в «Цифровую» экономику / А. В. Кешелава, В. Г. Буданов, В. Ю. Румянцев и др. –М.ВНИИ Геосистем, 2017. — 28 с.

2. Марей А. Цифровизация как изменение парадигмы [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.bcg.com/ru-ru/about/bcg-review/digitalization.aspx> (дата обращения: 15.03.2018).

3. Н. П. Петрова, Г. А. Бондарева. Цифровизация и цифровые технологии в образовании //Мир науки, культуры, образование. -2019, №5(78). –С.353-355

4. Henry Jenkins. Participatory Culture. – 2015. – URL: https://prezi.com/o_v1hp4igqsj/henry-jen-kins-and-participatory-culture. (дата обращения 19.01.2015)



5. Belshaw Doug. The Essential Elements of Digital Literacies. – 2011. – URL:: <https://gum-road.com/l/digilit>(дата обращения 21.05.2011)

6. Орлова Л.С. Концепция открытых инноваций: понятие, инструменты и эффективность их применения // Стратегические решения и риск-менеджмент. Т. 10. № 4. С. 396–408. DOI: 10.17747/2618-947X-2019-4-396-408

7. А. Ю. Уваров, Дворецкая И.В., Фрумин И. Д. Трудности и перспективы цифровой трансформации образования. -М.:Государственный университет-Высшая школа экономики, 2019. Гл.4. –С.239-282

Биология сабағында проблемалық оқыту технологиясының элементтерін қолдану тиімділігі

Дузбаева Назира Маткеримовна,

б.ғ.к., қ.профессор,

Ерниязова Бибижан Бахытжановна,

техника және технология магистрі, аға оқытушы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Аннотация: Мақалада проблемалық оқытудың психологиялық-педагогикалық сипаты қарастырылады. Педагогикалық эксперимент арқылы биологияны оқыту үрдісінде проблемалық жағдаяттардың элементтерін қолданып, оқушыларға білім алуға тиімділігі және проблемалық іздену дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім беру технологиясы ретінде қарастыруға болатындығы көрсетіледі.

Түйінді сөздер: проблемалық оқыту, проблемалық жағдаят, оқу мәселесі, танымдық қызығушылық, проблемалық сұрақ қою, сабақ жоспары.

Жаңа келешекті педагогикалық технологияларды пайдалану әлемдік өркениетке енуге талпыныс береді. Бұл ретте, ерекше орынды білім беру саласында заманауи ақпараттық және педагогикалық технологияларды енгізуге міндеттер қойылған. Соған сәйкес жан-жақты және үйлесімді дамыған, белсенді ойлана алатын, оқуға саналы түрде қарайтын, өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті, сонымен қатар өз ұстанымдарын дамыта алатын, ақпараттық дүниетанымды жеке тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі анықталады. Қойылған міндеттерді орындаудың бір бағытын проблемалық оқытудың келешектерімен байланыстыруға болады. Себебі, проблемалық оқыту ғылыми танымның нәтижелерін, сонымен қатар осы нәтижелерді алу жолдарын игеруді, оқушының танымдық тәуелсіздігін қалыптастыруды және оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтиды.

Педагогикалық әдебиеттерде проблемалық оқыту технологиясының әртүрлі аспектілері, проблемалық оқыту әдістері, проблемалық жағдаятты құру тәсілдері танымдық қызығушылықты және шығармашылық қабілеттерді дамыту ретінде қарастырылады. Дистервегтің пайымдауынша, «Жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді» деп жазып, баланы дайынға емес, мәселелерді шешу үшін ізденуге үйрету керек екендігін айтады. Мұғалім проблемалық оқытудың барысында оқушының өз ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отырып, қойылған мәселенің жауабын табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен бірге, проблемалық оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан ізденіс арқылы шешу талап етеді [1].

Проблемалық оқытудың қазіргі теориясында проблемалық жағдаяттар екі түрге бөлінеді: психологиялық және педагогикалық. Біріншісі, оқушылардың іс-әрекеттеріне қатысты, екіншісі - оқу үрдісін ұйымдастыруды білдіреді. Проблемалық жағдаят пен оқу мәселесі проблемалық



оқытудың негізгі ұғымдары болып табылады. Оқу мәселесі ақыл-ой ізденісінің бағытын анықтайтын, белгісіздің мәнін зерттеуге қызығушылықты оятатын және жаңа тұжырымдаманы немесе жаңа іс-қимыл режимін игеруге әкелетін ықпалдау үдерісінің логикалық және психологиялық қайшылықтарының көрінісі ретінде түсініледі. Оқу мәселесінің бірінші атқаратын қызметі: ақыл-ой ізденісінің бағытын, яғни мәселені шешудің жолын табу үшін оқушының іс-әрекетін анықтау. Екінші қызметі - жаңа білімді игеруде оқушының танымдық қабілеттерін, қызығушылығын, іс-әрекетінің мотивтерін қалыптастыру. Мұғалім үшін бұл құрал, яғни оқушының танымдық әрекетін басқару және оның ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Оқушының іс-әрекетінде - ойлауды белсендіруге ынталандыру ретінде қызмет етеді, ал оны шешу үрдісі - білімді сенімге айналдыру тәсілі. Проблемалық жағдаят - проблемалық оқытуды ұйымдастырудың құралы, бұл оқытудың танымдық қажеттілігін тудыратын және жаңа білім мен іс-әрекет әдістерін белсенді игеруге ішкі жағдайды жасайтын ойлаудың бастапқы сәті [2].

Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін оқушыларға ұсынатын проблемалық сұрақтар жүйесі болуы маңызды. Ескеретін жайт: кез келген сұрақ мәселелі бола бермейді. Проблемалық сұрақтың жауабы дайын болмайды, оны оқушы міндетті түрде өзі іздеуі шарт. Ол сұрақ баланың сана-сезімінде қиындық туғызуы қажет. Проблемалық сұрақ, бір жағынан, қиын болуы, екінші жағынан, оқушының шамасына лайық болуы шарт [3].

Проблемалық сұрақ қою – проблемалық оқытудың алғашқы кезеңі. Келесі кезеңінде бала іштей өз білімін талдап, таңдап, олардың жауап алуға жеткіліксіз екенін анықтайды да ізденіс жолына белсенділікпен түседі. Үшінші кезеңінде ол сұрақтың жауабын дұрыс шеше білу амалдарын және жаңа білімдерді меңгереді. Кейінгі кезеңдерінде дұрыс жауапты тексереді, алғашқы гипотезамен салыстырады, алынған білім мен білікті қорытындылайды, жинақтайды. Сондықтан оқушыларды болашақта шығармашылық белсенділікке дайындайтын білім мен дағдыларын қолдануға үйрету керек. Оқу іс-әрекеті мүмкіндігінше шығармашылық болуы тиіс. Бұл проблемалық оқытуға сәйкес келеді. Проблемалық жағдаяттар, атап айтқанда, ғылыми және оқу үрдістерінде көрініс беретін объективті шындыққа қандай да бір қайшылықтардың болуын көрсетеді. Педагогикалық проблемалық жағдаят білім объектісінің жаңалығын, маңыздылығын, ұшқырлығын және басқа да ерекше қасиеттерін баса көрсететін белсенді әрекеттер, мұғалімнің сұрақтары арқылы жасалады [4].

М.Махмутов пен Е.Мельникованың проблемалық оқыту әдістемесін негізге ала отырып, биология сабақтары бойынша «Адам анатомиясы» бөліміне проблемалық сабақтың негізгі кезеңдерін ескеріліп, сабақ жоспары жасалды.

Сабақ тақырыбы: «Адамның тыныс алу жүйесі». Сабақ мақсаты: адамның тыныс алу жүйесінің құрылымы мен қызметі туралы білімді жалпылау және тыныс алу жолдарының ауруларының алдын-алу қажеттілігін түсіну. Білім беру міндеттері: адамның тыныс алу жүйесінің құрылымы мен жұмыс істеу ерекшеліктерін, дауыс қалыптастыру механизмдерін жалпылау. Дамытушылық міндеттері: өз бетінше сұрақтар қою, диалог жүргізу, проблемалық жағдаят жасау және оларды шешу жолдарын табу, тақырып бойынша жалпы қорытынды жасап, қабілеттерін дамыту. Тәрбиелеушілік міндеттері: денсаулық жағдайы үшін жауапкершілікті тәрбиелеу. Жабдықтар: «Тыныс алу мүшелері», «Тыныс алу гигиенасы» слайд-перзентациялар; «адамның тыныс алу жүйесі» оқу бейнефильмінің фрагменттері.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. *Проблемалық жағдаят жасау:*

- тірі табиғат пен өлі табиғаттың басты айырмашылығы - тыныс алу, неге екенін түсіндіріңіз?

- жануарлардың әртүрлі типтері мен кластарының өкілдеріне қандай тыныс алу тән? Сіздің ұсыныстарыңыз, балалар! Оқушылардың пікірлері нәтижесінде ортақ қорытындыға келуі: тыныс алу жүйесінің нәтижесі - оттегінің ағзаға жетуі, содан кейін қан айналымы жүйесінің көмегімен оттегінің жасуша цитоплазмасына еніп, онда ол ағзаны энергиямен қамтамасыз ететін реакцияларға қатысуы. Тыныс алу үшін ауа тиімділігі мен көлемі неғұрлым көп болса, ағзалар соғұрлым көп энергия алады. - Энергия не үшін қажет? Қарама-қайшылықты



түсінуге итермелейтін диалог - бұл оқушылардың диалогында сұрақты түсінуге ынталандырады - Сонымен, бүгінгі сабақтың тақырыбы...? «Адамның тыныс алу жүйесі» тақырыбы бойынша білімді жалпылау. Бүгін біз осы тақырып аясында алынған барлық білімді қорытындылауға тырысамыз.

3. «Адамның тыныс алу жүйесі» оқу фильмінің үзінділерін көрсету. «Тыныс алу мүшелері», «Тыныс алу гигиенасы» слайд-перзентациялармен жұмыс: сыныппен проблемалық диалог құру. Оқушыларға назофаринс, көмей, трахея, бронхтар мен өкпенің суреттерін көрсетіп, алдында көрсетілген бейне үзіндіде естігендерін бекіту және кестені толтыру.

4. *Оқу міндетін қою.* № 1 шарт: Неліктен күзгі-қысқы маусым кезеңдерінде жылыту жүйесі қосылған кезде тыныс алу жүйесі ауруларының саны артады? (Жылытылған құрғақ ауа! Ағзадағы ұлпаларда жақсы өткізгіштік пен газ алмасу үшін тыныс алудың барлық жолдары ылғалды болуы керек).

№2 шарт: Ер адам мен әйел адам денесінің тыныс алу жүйесінде құрылысы бірдей ме? Неліктен әйелдерде төмен тембр, ал ер адамдарда жоғары дауыс тембрі бар? (Бұл дыбыс сіңірлерінің ұзындығы мен жуандығына қатысты: ерлердегі қалқанша шеміршек алға қарай шығып тұрады, сондықтан дыбыс сіңірлері ұзындау және жуандау, сондай-ақ көмейдің үшбұрышты құрылысының болуы).

№ 3 шарт: Адам аузындағы тағамды шайнап болған кезде қалыпты тыныс алу мүмкін бе? Тағамды жұту кезінде? (ауыздағы тағамды шайнап болған кезде тыныс алу мүмкін. Жұтылу кезінде тыныс алу тоқтайды, өйткені көмей бөбешік арқылы жабылып, кеңірдекке кіруге тосқауыл қойылады).

5. *Шешімді іздеу* (жетекші диалог). Оқушылар проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, гипотезалар арқылы алуға болатын жаңа білім алынады. Алдымен гипотеза ұсынылады, содан кейін тексеріледі. Дәлелдер гипотезаны жокқа шығару үшін немесе керісінше ұсынылады.

6. *Шешімді білдіру.* Оқушылар ойларын тікелей талқылайды, содан кейін мұғалім олардың талқылауларын қорытындылайды.

7. Оқулықпен өздік жұмыс: мақсаты: тақырыпты игеру деңгейін тексеру: тақырып мәтінінен тыныс алу жүйесінің аурулары туралы ақпаратты табыңыз, дәптерге осы ауруларды сипаттайтын кесте жасаңыз.

8. Қорытындылау.

9. Рефлексия: Сөйлемді жалғастырыңыз бүгін сабақта ...; Қызықты болды ...; Мен қаладым ...; Сабақ маған өмірім үшін ... берді; Қиын болды

10. Үй тапсырмасы.

Проблемалық жағдаяттарды қолдану әдістемесінің тиімділігін анықтау үшін әзірленген сабақ жоспарын Қарағанды қаласындағы М.Жұмабаев атындағы №39 гимназиясының 8 «ә» сыныбында биологияның «Адам анатомиясы» пәні бойынша бірнеше сабақтар өткізілді.

Экспериментке 30 оқушы қатысты, оның ішінде 15 оқушы бақылау тобын және 15 оқушы эксперименттік топты құрады. Эксперименттік топтың оқушылары биология сабақтарында проблемалық оқыту элементтерін қолдана отырып оқыды.

Экспериментке дейін эксперименттік топта 15 оқушысының биология пәні бойынша қосымша өздік жұмыстарды орындағандары 6 оқушы (40%) ғана болса, эксперименттен кейін биология пәніне қызығушылықтары артуына байланысты 13 оқушыны (86,6%) құрады, соның ішінде тақырып бойынша сабақта қысқаша баяндамалар орындағандар экспериментке дейін 4 оқушы (26,7%) болса, ал эксперименттен кейін 6 оқушыға (40%) артты. Реферат түрінде жазып қорғағандар 2 оқушы (13,3%) ғана болса, ал эксперименттен кейін 5 оқушыға (33,3%) артты. Жобалық жұмыспен айналысқан 2 оқушы (13,3%) болды. Сөйтіп, педагогикалық эксперимент нәтижелері биология сабақтарында проблемалық жағдаяттарды қолдану әдістемесінің пәнге деген қызығушылығын дамыту ретінде тиімділігін растады.

Қорытындылай келе, педагогикалық эксперименттен алынған нәтижелер мен әдебиеттерді талдау проблемалық оқыту технологиясының элементтерін биология сабақтарында қолдану оқушыларға білім алуға тиімділігін және проблемалық ізденуге

дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім беру технологиясы ретінде қарастыруға болатындығын көрсетті.



Қолданылған әдебиеттер:

1. Махмутов М.И. Мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – М.: Білім, 2002. – 82 б.
2. Проблемалық оқыту: өткен, қазіргі, болашақ: Ұжымдық монография: 3 кн. / Ковалевская Е.В. ред. — Нижневартовск: Нижневарт баспасы. гуманитар. ун-т, 2010. – 301 б.
3. Фурьева Т. В. Проблемалық оқыту. – М.: Білім, 2015. – 162 б.
4. Астафьева Ф. П. Ойлау мен оқытудағы проблемалық жағдаяттар. - М.: Білім, 2011. – 223 б.

Блум таксономиясы жайлы түсінік

Дүйсенбай Нұршат Дүйсенбайқызы

*«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 1-курс магистранты,
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қ.*

Ғылыми жетекші:

Жумабаева Зайда Ефимовна., п.ғ.к., профессор,

Аннотация. Бұл мақалада «Білім берудегі жаңа технологиялар» қарастырылып, соның ішіндегі Блум таксономиясы жайлы түсінік беріледі. Блум таксономиясының 6 қадамын игерудегі тиімділіктер, әрі оны білім беруде тиімді пайдалану жайындағы ақпараттар жинақталып, қарастырылады.

Қазіргі «білімдендіру кезеңінде қазақстандық жоғарғы оқу орындарының мақсаты да, «Білім берудегі жаңа технологиялар» оқып - үйренудің мақсаты да - жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, оларды өз тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана алатын мамандарды даярлау [1, 5б.]. Яғни, жаңа технологияды меңгерген маман - әдіс-тәсілдерді өз жұмысында қолданып, алдына келген шәкірітін шығармашылыққа бейімдей отырып, өзімен де, өзгелермен де үйлесімді өмір сүре алуға икемді тұлға қалыптастыра алатындай болуы қажет.

Тұңғыш елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» стратегиясы жолдауында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында көрсетілгендей, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға дағдылану, ақыл- ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді [2.]. Онда Қазақстан Республикасы жарияланған білім беру басымдылығына, «жалпыға білім беру» моделін «әр адамға таңдау бойынша білім беру» моделіне көшуге негізделгенде жүзеге асатыны байқалады. Бүгінгі таңда елімізде білімдендірудің жаңаланған жүйесі қабылданып, отандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру порталына енуге бағыт алып отыр.

Блум таксономиясы дегеніміз- табысты нәтижеге жетудің 6 сатысынан тұратын осы бүгінгі таңда білімді жетілдірудің негізгі тиімді құралы болып отыр. Блум таксономиясын педагогикалық іс- әрекеттердің бірізді орындалуына бағытталған мақсатты жүйе деп қарастырсақта болады.

Бенджамин Блум - америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан. 1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын



тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру [3].

Біршама уақыт өтседе Блум таксономиясының өзгермегей келе жатқан өзіндік сызбасы бар. Уақытты тиімді падалану, сабақты жүйелі өткізу, баланың өзін- өзі дұрыс бағалай алуы барлығы Блум жүйесінің 6 ойлау деңгейлерінде көрсетілген.

1. Білу деңгейі. Бұл ең көп төменгі, бастапқы деңгей. Барлық осы деңгейге қатысты мақсаттар көбею тұрғысынан тұжырымдалады. Мысалы, атау, тізім. Мұнда оқушыларды тиісті ақпаратпен таныстыру жеткілікті, олар оны қайталай алады.

2. Түсіну деңгейі. Осы деңгейдің жетістігін көрсету үшін оқушы зерттелетін материалды өз сөзімен айтуы керек. Ақпаратты өз сөзімен баяндау қабілеті оқушылардың оны меңгергенін растайды (ақпаратты түсіру және оны өңдеу орын алды).

3. Қолдану деңгейі. Бұл деңгейде мақсаттар терминдерде тұжырымдалады, алынған білімді зерделенген және жаңа (ішінара өзгертілген немесе жаңа) жағдай қалыптасады.

4. Талдау деңгейі. Бұл деңгейдің мақсаттары оқушылар жағдайы бөлуге оқылған материал жекелеген құрамдас бөліктері.

5. Синтез деңгейі. Жеткен мақсаттары осы деңгейдегі оқушылардың мүмкіндіктерін тиімді ұштастыруға және соның арқасында игерілген білімдерді қалыптастыру, оның ішінде жаңа конструкциялары.

6. Бағалау деңгейі. Бұл оқушылар қарым-қатынасты көрсететін, зерттелген материал туралы, зерттелген салаға қатысты жаңа мәліметтер туралы мазмұнды бағалау туралы ең жоғары, алтыншы деңгей [4, 8б.].



Сурет 1. Блум таксономиясының деңгейлері

Блум таксономиясы жай жіктеу сызбасы емес. Бұл әртүрлі ойлау процестерін иерархия ретінде ұйымдастыруға тырысу. Бұл деңгейдің әрқайсысы оқушының осы деңгейде немесе одан төмен деңгейде жұмыс істеу қабілетіне байланысты. Мысалы, білім алушы білімді қолдана алуы үшін (3- деңгей), оның қажетті ақпараттың болуы (1- деңгей) және оны түсінуі (2- деңгей). Оқыту туралы айта отырып, Блум оқыту және бағалау процесі кезінде мұғалім оқушылардың ойлау процестерін жоғары деңгейге көтеруге тырысуы керек деп санайды. Бұл «ақыл- ой» саласы көбінесе танымдық (танымдық) сала деп аталады, өйткені ол ойлау процестерін қамтиды.

Білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде жобалау ретінде сіз келесі құралдарды пайдалана аласыз:

- "блум таксономиясының деңгейлері" педагог көмекшісі;
- мұғалімнің көмекшісі "етістіктер-әрекеттер";
- сабақтың мақсатын құрастырушы;
- тапсырмаларды құрастырушы Л. С. Илюшина;
- ойын әдістері (Блум таксономиясы негізінде) [5, 5б.].



Блум таксономиясын қолданып білім берудің ерекшеліктері туралы қарастырайық:

- оқушы сыни ойлай білуге қалыптасады
- шығармашылық қабілеттерді дамиды;
- өзін- өзі бағалау қасиеті артады;
- сабаққа қатысқан әр оқушы ізденімпаз болады;
- деңгейлік тапсырмаларды мақсат қоя отырып, өздері шешіп үйренеді;
- тұлғааралық әлеуметтенуі арқылы қарым- қатынастық күзiреттiлiктерi артады;
- сабақ барысында жеке, жұптық және топтық жұмыстар орындалады;
- оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады.

Сабақ барысындағы тапсырмалар сабақта оқушының іс-әрекетін ұйымдастырудың құраушы бірлігі болып табылады. Блум таксономиясы бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу арқылы білім алушының ізденімпаздық дағдылары дамып отырады. Блум таксономиясының оқу мақсаттарының деңгейіне сәйкес оқу тапсырмалары әртүрлі дағдыларды қалыптастырады. Сонымен, таксономияның алғашқы үш деңгейі-білім, түсіну және қолдану – дайындық (репродуктивті) дағдыларды қалыптастырады. Талдау және жинақтау деңгейінің тапсырмалары танымдық (дамытушылық) дағдыларды қалыптастыруға бағытталған- танымдық талап ететін қызмет түрлері, айқын немесе жасырын ақпаратты түрлендіруге бағытталған дағдылар. Мұндай дағдылардың негізі- әрі қарай терең білім алу үшін қажет білім, пәннің білімі немесе одан әрі пәнаралық білімге айналатындар. Бағалау деңгейінің тапсырмалары мінез- құлық, мінез- құлықтың сыртқы және ішкі формалары дағдыларын қалыптастыруға бағытталған [5, 136.].

Мектептер кезең-кезеңімен жаңартылған бағдарламаларға өтуде, ол кең спектрлі дағдыларға баса назар аударады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау. Техникалық және кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары білім алушылардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған [6, 96.].

Қорыта келе, қазіргі таңда мұғалім оқушыға бағыт- бағдар беруші. Блум таксономиясы арқылы өткізілген сабақтар арқылы оқушы өзі ізденіп, өзіне көптеген ақпараттарды қабылдайды. Өз бетімен жұмыс жасап мәселелерді шешіп үйренеді. Бұл арқылы оқушы өзіне шешім қабылдау дағдысын игереді, басқа оқушылармен бәсекеге, ой таластыру, пікір алмастыру қабілетін арттырады. Жаңашылдық әрқашанда алға жетелейді. Жаңа білім беру технологиялары сабақта оқушының ақпаратпен толық таныса алуына көптеген жағдайлар жасайды. «Бүгіндегі жастарға оқу міндет, тек кана оқуменен өнер білмек, өнер- білім, адалдық, ар-намысты, жоятын надандық қой емсіз індет», - деп акын Сұлтанмахмұт Торыайғыров айтқандай, жастардың білім алуы, және оларға жаңартылған білім беру мазмұнына сай білім беру бұл- тұлғаның жан- жақты дамуының бірден- бір жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар //Оқу құралы – Алматы, 2011.- 162б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030» Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Алматы, 1997.
3. Есмұқан М.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру, Алматы, 2004.
4. Мурзагалиева А.Е., Утегенова Б.М. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума, Астана, 2015.- 54с.
5. Бесчастнова А.И. Таксономия Блума в ДООУ. Методические рекомендации – Казань, 2019.- 102с.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.



Современные подходы к преподаванию математики в начальных классах

Жунусова Гульмира Салимовна

УО «Тамос Эдьюкейшн Физико – Математическая школа»

Учитель начальных классов, магистр педагогических наук

В общем объеме знаний, умений и навыков, получаемых учащимися в средней школе, важное место принадлежит математике, которая широко применяется при изучении других предметов. Главная задача каждого преподавателя – не только дать учащимся определенную сумму знаний, но развить у них интерес к учению, научить учиться. Обучение должно идти впереди развития, и педагог должен помочь ребёнку сформировать ещё не оформленные способности и тем самым способствовать его развитию. Для этого требуется специальное искусство. Отбор методов и технологий – это основные задачи деятельности учителя. В связи с быстрым развитием науки и техники актуальна потребность в разработке и введении в процесс обучения современных подходов и методов организации процесса обучения, которые бы соответствовали современным требованиям общества. Прежде чем дать комплексное определение понятию «современный подход к преподаванию», надо дать определения его составляющим понятиям: «преподавание», «подход» и «современный». Преподавание – педагогическое управление учебно-познавательной деятельностью обучаемых; один из компонентов процесса обучения. Обучение — 1) целенаправленный процесс взаимодействия учителя и учащихся, в ходе которого осуществляется образование человека; 2) планомерная и систематическая работа учителя с учащимися, основанная на осуществлении и закреплении изменений в их знаниях, установках, поведении и в самой личности под влиянием учения, овладения знаниями и ценностями, а также собственной практической деятельности. Подход - совокупность приемов, способов (в воздействии на кого-нибудь, в изучении чего-нибудь, в ведении дела). Что же такое «подход к обучению»? Подход к обучению - базисная категория методики, определяющая стратегию обучения и выбор метода обучения, реализующего такую стратегию; представляет собой точку зрения на сущность предмета, которому надо обучать. Современный - 1.Относящийся к одному времени, к одной эпохе с кем чем-нибудь. 2. Относящийся ко времени существования того, о ком - идет речь. 3. Относящийся к настоящему времени, к текущему моменту, к настоящей эпохе, теперешний. Характеризующий настоящее время, текущую действительность, характерный для настоящей эпохи. 4. Стоящий на уровне своего века, не отсталый, отвечающий материальным потребностям, общественным, культурным запросам настоящего времени. Значит, современный подход к преподаванию – это подход, который отвечает требованиям современного общества, общественным, культурным запросам настоящего времени. Цель современного подхода к обучению: становление индивидуальной личности, добросовестного гражданина, человека, и главное, способного самостоятельно и быстро решать возникшие проблемы. Чем характерны современные подходы

Личностно-ориентированный подход Личностно-ориентированный подход в преподавании - концентрация внимания педагога на целостной личности человека, забота о развитии не только его интеллекта, гражданского чувства ответственности, но и духовной личности с эмоциональными, эстетическими, творческими задатками и возможностями развития. Цель личностно-ориентированного образования - создание условий для полноценного развития следующих функций индивидуума: способность человека к выбору; умение рефлексировать, оценивать свою жизнь; поиск смысла жизни, творчество; формирование образа “Я”; ответственность (в соответствии с формулировкой “Я отвечаю за всё”). В личностно-ориентированном подходе ученик — главное действующее лицо всего образовательного процесса. Интерактивный подход Интерактивный подход — это определенный тип



деятельности учащихся, связанный с изучением учебного материала в ходе интерактивного урока. Костяком интерактивных подходов на уроках математики являются интерактивные упражнения и задания, которые выполняются учащимися. Основное отличие интерактивных упражнений и заданий от обычных в том, что они направлены не только и не столько на закрепление уже изученного материала, сколько на изучение нового. Современная педагогика богата целым арсеналом интерактивных подходов, среди которых можно выделить следующие: творческие задания; работа в малых группах; обучающие игры (ролевые игры, имитации, деловые игры и образовательные игры); использование общественных ресурсов (приглашение специалиста, экскурсии); социальные проекты и другие внеаудиторные методы обучения (соревнования, радио и газеты, фильмы, спектакли, выставки, представления, песни и сказки); разминки; изучение и закрепление нового материала (интерактивная лекция, работа с наглядными пособиями, видео- и аудиоматериалами, «ученик в роли учителя», «каждый учит каждого», использование вопросов); обсуждение сложных и дискуссионных вопросов и проблем («Займи позицию (шкала мнений)», «Один — вдвоем — все вместе»); разрешение проблем («Дерево решений», «Мозговой штурм»). Учащийся становится полноправным участником учебного процесса, его опыт служит основным источником учебного познания. Педагог (ведущий) не даёт готовых знаний, но побуждает участников к самостоятельному поиску. В процессе такого обучения учащиеся выступают не пассивными обучаемыми, а активными деятелями, полноправными участниками процесса, их опыт не менее важен, чем опыт ведущего. Каждому ученику предоставляется возможность найти свой способ решения. Дети - соавторы учителя в создании урока. По сравнению с традиционным обучением в интерактивном обучении меняется взаимодействие педагога и учащегося: активность педагога уступает место активности учащихся, а задачей педагога становится создание условий для их инициативы. Педагог отказывается от роли своеобразного фильтра, пропускающего через себя учебную информацию, и выполняет функцию помощника в работе, одного из источников информации. Именно такой подход не «прессует» личность, а помогает ей развиваться в творческом плане. Игровой подход Игровое обучение — это форма учебного процесса в условных ситуациях, направленная на воссоздание и усвоение общественного опыта во всех его проявлениях: знаниях, навыках, умениях, эмоционально-оценочной деятельности. Признаки и особенности методики: игровому обучению присущи те же черты, что и игре: - свободная развивающаяся деятельность, предпринимаемая по указанию учителя, но без его диктата и осуществляемая учениками по желанию, с удовольствием от самого процесса деятельности. - творческая, импровизационная, активная по своему характеру деятельность. - эмоционально напряженная, приподнятая, состязательная, конкурентная деятельность. - деятельность, проходящая в рамках прямых и косвенных правил, отражающих содержание игры и элементов общественного опыта - деятельность, имеющая имитационный характер, в котором моделируется профессиональная или общественная среда жизни человека - деятельность, обособленная местом действия и продолжительностью, рамками пространства и времени. К важнейшим свойствам игры относят тот факт, что в игре и дети и взрослые действуют так, как действовали бы в самых экстремальных ситуациях, на пределе сил преодоления трудности. Причем столь высокий уровень активности достигается ими, почти всегда добровольно, без принуждения. Высокая активность, эмоциональная окрашенность игры порождает и высокую степень открытости участников. Человек приоткрывается, отбрасывает в игре психологическую защиту, теряет настороженность, становится самим собой. Игровое обучение отличается от других педагогических технологий тем, что игра: хорошо известная, привычная и любимая форма деятельности для человека любого возраста. Например, для формирования навыков устного счета можно использовать различные варианты следующих ролевых игр: «Рыбалка», круговые примеры, «Кто быстрее», «Найди ошибку», «Закодированный ответ», «Математическое домино», «Собери карточку», «Эстафета». Компетентность — это готовность (способность) ученика использовать усвоенные знания, учебные умения и навыки, а также способы деятельности в жизни для решения практических и теоретических задач. Компетентностный подход — это подход, акцентирующий внимание на результате образования,



причём в качестве результата рассматривается не сумма усвоенной информации, а способность человека действовать в различных проблемных ситуациях. Компетентностный подход в обучении математике предполагает освоение учащимися различного рода умений, позволяющих им в будущем действовать эффективно в ситуациях профессиональной, личной и общественной жизни. Коммуникативный подход - суть этого подхода означает, что обучение носит деятельностный характер, поскольку реальное общение на занятиях осуществляется посредством речевой деятельности, с помощью которого учащиеся стремятся решать реальные или воображаемые задачи. Методическим содержанием коммуникативного подхода являются способы организации учебной деятельности, связанные в первую очередь с широким использованием коллективных форм работы, с решением проблемных задач, с сотрудничеством между преподавателем и учащимися. Конечной целью обучения в рамках названного подхода является формирование и развитие коммуникативной компетенции, т.е. готовности и способности, учащихся к общению. Например, работая в группе, дети вместе обсуждают решение заданий на развитие логического мышления. Системно - деятельностный подход при системно - деятельностном подходе учащиеся овладевают умением формулировать и анализировать факты, работать с различными источниками, выдвигать гипотезы, осуществлять доказательства правильности гипотез, формулировать выводы, отстаивать свою позицию при обсуждении учебной деятельности. Психологи давно доказали, что люди лучше всего усваивают то, что обсуждают с другими, а лучше всего помнят то, что объясняют другим. Именно эти возможности предоставляет на уроке групповая работа. Самый простой вид групповой работы – это работа в парах. Например, можно использовать карточки на этапе устной самостоятельной работы, которая выполняется в паре под условным названием «Ученик - учитель». Каждый играет то роль учителя, то роль ученика в определенный момент времени. Роль настоящего учителя в этот момент заключается в выслушивании ответов и объяснений обоих участников пары. Он может корректировать ошибки в момент их возникновения, оценивать не только отвечающего, но и качественную работу «учителя». Затем перед всем классом одна из групп даёт ответы, опираясь на карточки. Плюсы парной работы общеизвестны, а вот результаты такой работы напрямую перекликаются со стандартами нового поколения. В них мы находим обоснование коммуникативных УУД, ведь именно они развиваются в процессе групповой работы: - сотрудничество и кооперация; - учет чужой позиции; - адекватная передача информации; - контекстная речь и постановка вопросов. В результате этой деятельности, обучающийся должен почувствовать себя успешным, даже слабый ученик может понять, что в паре выступать не страшно, если ошибёшься – тебя поправит не учитель, а одноклассник. Интегрированный подход Интеграция – это процесс сближения и связи между учебными процессами, слияние школьных наук, но не механическое их соединение, а взаимопроникновение. Интегрированный урок – это специально организованный урок, цель которого может быть достигнута лишь при объединении знаний из разных предметов, направленный на рассмотрение и решение какой-либо пограничной проблемы. Он позволяет добиться целостного, синтезированного восприятия учащимися исследуемого вопроса. Интегрированные уроки вносят в привычную структуру школьного обучения новизну и оригинальность, и имеют определённые преимущества для учащихся: повышают мотивацию, формируют познавательный интерес, что способствует самообразованию, повышению уровня обученности и воспитанности учащихся; способствуют формированию целостной научной картины мира, рассмотрению предмета, явления с нескольких сторон: теоретической, практической, прикладной; позволяют систематизировать знания. Методика интегрированного урока обеспечивает деятельность учителя и ученика на уровне субъективных отношений, в результате которых возникают возможности для совместного творчества и саморазвития участников образовательного процесса. Использование интегрированного подхода на уроке математики способствует эмоциональному развитию личности, самообразованию, повышению мотивации, уровня обученности и воспитанности учащихся, а также формированию познавательного интереса, в большей степени общеучебных умений и рациональных навыков учебного труда. Например, орфографическая подготовка к



записи ответа задачи (математика и русский язык), составление задач на тему «Дикие и домашние животные» (математика и окружающий мир) и т.п. Здоровье сберегающий подход Для того, чтобы дети не уставали на уроке, проводятся физкультминутки и специальные упражнения для снятия напряжения с мышц опорно-двигательного аппарата, упражнения для рук и пальцев, упражнения для формирования правильного дыхания, точечный массаж для повышения иммунитета, точечный массаж для профилактики простудных заболеваний, упражнения для укрепления мышц глаз и улучшения зрения, комплекс физических упражнений для профилактики заболеваний органов дыхания. Наблюдения показывают, что использование здоровьесберегающих технологий в учебном процессе позволяет учащимся более успешно адаптироваться в образовательном и социальном пространстве, раскрыть свои творческие способности, а учителю эффективно проводить профилактику асоциального поведения. Формирование ответственного отношения к своему здоровью – необходимое условие успешности современного человека. Здоровьесберегающий подход необходим на всех этапах урока, поскольку предусматривает четкое чередование видов деятельности. На уроках математики можно применять физкультминутки в виде физических упражнений, связанных с темой урока. Например, на уроке во 2 классе по теме: «Числовые и буквенные выражения» при показе карточки с буквенным выражением - дети приседают, с числовым выражением – хлопают в ладоши над головой. Проблемный подход Если человека постоянно приучать усваивать знания и умения в готовом виде, то можно таким образом «разучить» его думать самостоятельно. Проблемный метод обучения - обучение, протекающее в виде снятия (разрешения) последовательно создаваемых в учебных целях проблемных ситуаций. Под проблемной ситуацией понимают осознанное затруднение, порождаемое несоответствием между имеющимися знаниями и теми знаниями, которые необходимы для решения предложенной задачи. Задача, создающая проблемную ситуацию, называется проблемной задачей, или просто проблемой. Признаками проблемы являются: 1) порождение проблемной ситуации; 2) определенная готовность и определенный интерес решающего к поиску решения; 3) возможность неоднозначного пути решения, обуславливающая наличие различных направлений поиска. Проблема должна быть доступной пониманию учащихся, а ее формулировка должна вызывать интерес и желание учащихся ее разрешить. Например, на уроке математики во 2 классе при знакомстве с темой «Письменное сложение вида $36+27$ » перед детьми при решении примера «в столбик» возникает проблема в записи ответа при сложении единиц. Дифференцированный подход Дифференциация – означает расчленение, разделение целого на различные формы и ступени. Основные критерии дифференциации младших школьников: готовность к обучению, обученность и обучаемость. По мнению психологов, обученность — это определенный итог предыдущего обучения, т.е. характеристики психического развития ребенка, которые сложились у него к сегодняшнему дню. Показателями обученности могут служить достигнутый учеником уровень усвоения знаний, уровень усвоения навыков и умений, качества знаний и навыков (например, осознанность, обобщенность), способы и приемы их приобретения. Организация учителем внутриклассной дифференциации включает несколько этапов. 1.Определение критерия, на основе которого выделяются группы учащихся для дифференцированной работы. 2.Проведение диагностики по выбранному критерию. 3.Распределение детей по группам с учетом результатов диагностики. 4.Выбор способов дифференциации, разработка разноуровневых заданий для созданных групп учащихся. 5.Реализация дифференцированного подхода к школьникам на различных этапах урока. 6.Диагностический контроль за результатами работы учащихся, в соответствии с которым может изменяться состав групп и характер дифференцированных заданий. Например, на уроке при решении задач, учитель распределяет детей по группам с учетом результатов диагностики, дает каждой группе дифференцированное задание: решить задачу, решить задачу и составить обратную данной, решить задачу и составить задачу подобную данной. Индивидуальный подход учить работать самостоятельно, развивать воображение, творческое мышление, умение наблюдать, анализировать, сравнивать, обобщать, проявлять инициативу, дифференцировать свои интересы, рационально использовать время. Преимущество



индивидуальной формы обучения в том, что есть контакт с учеником и всегда можно исправить ошибки и отметить успехи. Индивидуальный подход позволяет глубже изучить особенности личности ученика и его познавательные интересы. Каждый ребенок индивидуален, поэтому надо помнить о том, что требуется создать такие условия, в которых наиболее полно может осуществиться развитие индивидуальности ребенка. Например, при закреплении темы «Решение уравнений» ученик, успешно усвоивший материал, получает индивидуальное задание повышенной сложности. А ученик, имеющий затруднения при решении уравнений, получает карточку с алгоритмом решения. Рассмотрев современные подходы к организации процесса обучения, мы можем сделать вывод: современные подходы к преподаванию математики в начальных классах формируют самостоятельность в добывании знаний, свободное развитие каждого ученика как субъекта учения и как личности, способность самостоятельного решения поставленных проблем и овладение универсальными способами учебной деятельности.

Список литературы:

1. Архипова О.А. Уроки математики с применением информационных технологий. 1-4 классы. – М.: Издательство «Глобус», 2010
2. Будунов Г.М. Компьютерные технологии в образовательной среде «за» и «против». - М.: Аркти, 2006.
3. Воробьева О.Я. Коммуникативные технологии обучения. - Волгоград: Учитель, 2008

Кәсіби бағдар беру мен мамандық таңдау жүйесін ұйымдастыру мәселесі

Көкшеева З.Т., Қабақова М.Б.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Ш. Есенов ат. Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,

«Педагогика және психология» кафедрасы

Кәсіптік бағдарды басқарудың міндетті қызметі - кәсіптік бағдар жұмысын тек мектеп ішінде ғана емес сондай-ақ, мектеп пен басқа да әлеуметтік институттар арасында жеткіншектердің мамандық таңдауын үйлестіру. Бұл жұмысты кәсіптік бағдар кеңесі басқарады, ал оның жұмысшы органы - оқу әдістемелік кабинет. Кәсіптік бағдар жөніндегі оқу-әдістемелік бөлменің негізгі қызмет бағыттары - кәсіптік бағдар беру жұмысындағы озат тәжірибелерді көру, оны мұғалімдер арасында насихаттау, кәсіптік бағыттың түрлі мәселелері бойынша конференциялар, курстар мен семинарлар өткізу, түрлі кәсіп иелерімен кездесу ұйымдастыру. Бұл жұмыс жалпы кәсіптік бағдар жоспарына енгізіледі. Жеткіншектердің мамандық таңдау әрекеттерін ұйымдастыру кәсіптік бағдарға басшылық етудің маңызды кезеңі болып табылады. Адамның ерекше қасиеттері мен жеке басының дамуы қоғамның тәжірибесін бойға сіңіріп, әр түрлі іс-әрекеттерге қатысу деңгейіне байланысты.

Оқу-тәрбие процесінің негізгі бөлігі ретінде жеткіншектердің қабілетін жан-жақты дамыту жолында олардың іс-әрекеттерін төрт түрге бөлеміз, білім алу, қоғамға пайдалы еңбек, өнімді еңбек қарым-қатынас. Іс-әрекеттердің бұл түрлері мамандық таңдау туралы консультация беру, мамандыққа бой үйрету сияқты бағыттармен ұштасып жатыр.

Мамандық таңдауда жеткіншектердің іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы негізгі шарт - олардың белсенділігі және қызығуы, тек осы жағдайларда ғана өз мүмкіндіктерін іс жүзіне асыруға жағдай туады әрі әрекеттерінде мақсатты себеп туындайды. Әр түрлі кезеңдегі кәсіптік бағдар жұмыстары бақылауда мазмұндығымен анықталады. Кәсіптік бағдар жұмысында жиынтықты бақылау маңызды рөл атқарады, атап айтқанда, идеялық-адамгершілік, психология жағынан жеткіншектерді өздерін қалаған мамандығына даярлау. Бақылаудың негізгі



түріне жататындар: ағымдағы, кезеңді, қорытынды бақылаулар. Ағымдағы бақылау мұғалімдер әр түрлі үйірмелер мен бірлестік жетекшілері, дәрігерлік қызметкерлер, кітапхана, жоспарларының жұмысын қадағалаумен байланысты. Кезеңдегі бақылау әдеттегідей кәсіптік бағдар айлығы экскурсия, ең жақсы мамандық конкурсы жүргізіліп, оның қорытындысына байланысты "Мен және менің мамандығым", "Менің кәсіптік жоспарым", т.б. тақырыптағы шығарма, сол сияқты жеткіншектердің активінің жоспарына өзгеріс енгізуі мүмкін. Ағымдағы және кезеңді бақылаулардың нәтижелеріне орай қорытынды бақылау жасалады.

Ол жоғарыда айтылған тәсілдермен жүргізіліп, жастарға қандай мамандық алу туралы нақты ақыл-кеңестер беріледі. Қорытынды бақылау кәсіптік бағдарда саналық әрі сандық көрсеткіш бола алады. Әр жылда жазылатын кәсіптік бағдар мінездемелеріне сапалы көрсеткіштер, атап айтқанда, білімі, қызығуы, тиімділігі, қабілеттілігі, кәсіпті бағалауы енгізіледі. Сандық көрсеткіш жеткіншектердің кәсіптік ниетін білдіреді.

Жоғары сыныптағыларға мамандық таңдау туралы шешім қабылдаудың жалпы кестесі (сызбасы) төмендегідей міндеттерді ұсынады:

1. Мамандық әлеміне жалпы шолу жасау.

2. Қоғамда жақын адамдар тобымен (санасуға болмайдындармен, санасу дұрыс деп ойлайтындармен, ұнатпайтын адамдармен) жағдайға байланысты мүмкіндіктер мен шектеулерді бөліп қарастыру.

3. Таңдаудың қосалқы нұсқасының мүмкіндіктерін ескере отырып, өз мамандығының формулаларына сәйкес мәліметтер жинау.

4. Қажет жағдайда өзі үшін өз мамандығының формуласын анықтау.

5. Жаңа мамандықты меңгеру жолында қадамды ойлану.

6. Оны маңызды адамдарға жариялау, толық шешім қабылдау. Мамандықты таңдау мәселесі мектептің жоғарғы сыныптарында толық

талқыланады және сезіледі. Басты автономиялы, әлеуметті институт отбасы жоғары сынып оқушысының кәсіп таңдауына үлкен ықпалын тигізеді.

Бұл туралы кәсіби қадамды жобалау мәселелері шеңберінде отбасы мүшелерінің үлкендері мен кішілерінің арақатынасының мүмкіндіктерінің әр түрлілігі туралы мәліметтер куәландырады.

1. Оқушыға таңдауда толық ерік беріледі, оның шешіміне араласпайды. Бұл жерде өмірлік және кәсіптік тәжірибелерінің үрдісін бұзып, үлкендер мәселеге араласпайды. Сол арқылы олар өздеріне өмірдің қиын жағдайларын туғызатын балаларын өз бетінше қалдырады.

2. Ата-аналар, үлкендер болашақта кәсіп таңдау мәселесіне араласады, бірақ олар таңдаған кәсіптерімен келіседі, әрі оны іске асыруға әрекет етеді.

3. Үлкендер баланың таңдауымен келіспейді, әрі төмендегідей позициялар ұстанады:

а) Өзінің жеке тәжірибесінен білетіндіктен бала таңдаған мамандыққа барынша қарсы әрекет етіп, жоғары сынып оқушысына өзі ұсынған немесе нақты мамандықты таңдауына бар мүмкіндігін жасайды.

б) Бала таңдаған мамандықты өз тәжірибесінен өте жақсы білетіндіктен, бұл мамандықты таңдауына өте қарсы болып, қандай мамандықты қаласа да, тек бұл "мамандық емес" деп қарсы әрекет ету.

в) Ата-аналар балаларының мамандық таңдауына шек қоймайды, бірақ басқа кәсіби білім беру варианттарын жоққа шығарып, білімнің маңызына баса назар аударады.

Е.А.Климов ата-аналар ұстанған позициялардың бірде-бір варианты балаларының мамандықты дұрыс таңдауына мүмкіндік бермейді деп көрсетеді. Үлкендер жоғарыда аталған жағдайларды жасау үшін балаларды мамандық түрлерімен таныстырады. Баланың назарын мамандықтың түрлі жақтарына өз бетінше талдау жасауға аударады

Сонымен қатар, олар еңбекке құрметпен қарауға, қоғамға, адамдарға дұрыс қарауға тәрбиелейді, түрлі кәсіби бағыттарда күш сынап байқауға бағыт береді, балалармен кәсіби жоспарды талқылап, ақыл-кеңес береді, қалаған мамандықтары кәсіби білім беру орындары туралы түрлі қосымша мәліметтер табуға көмектеседі. Бұл үлкендердің идеалдандырылған



варианты екені түсінікті. Оны іске асыру "Отбасы - мектеп - кәсіби білім - денсаулық сақтау - еңбек сферасы жүйесінде күшті. Бірақ біздің еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескерсек, берілген жүйеге қарама-қайшылықтар кездеседі.

Мамандық таңдауды психологиялық тұрғыда зерттеген Е.А. Климов т.б. біраз зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасаған. «Оқушыларға кәсіби бағдар беру жүйесін ұйымдастырудың психологиялық негіздері» атты бөлімінде білім беру мекемелерінде оқушыларға кәсіптік бағдар беру, мамандықты дұрыс таңдау, арнайы еңбек дағдыларын үйретіп, кәсіптік даярлықтан өткізудің негіздерін қарастырады.

Кәсіптік бағдар – бір-бірімен тығыз байланысты салалардан тұратын біртұтас жүйе екендігі белгілі. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде, олардың әр саладағы кәсіптік бағдар беруде, қызығушылығы мен бейімделуі сәйкес келуі үлкен орын алады. Жалпы білім беретін мектепте кәсіптік білім беру бірнеше мақсатты қамтиды:

1. кәсіптік ағарту, яғни оқушылардың әлеуметтік-экономикалық, физиологиялық ерекшеліктері бар түрлі мамандықтар туралы білім жиынтығы туралы мәліметтермен таныстыру.

2. оқушылардың жеке басын зерттеу, олардың қызығуы, бейімділігі, ынтасы ескеріледі.

3. кәсіптік ақыл-кеңес беру арқылы оқушылардың өздері таңдаған кәсіптерінің талаптарына баса назар ауддарылады.

Мамандық туралы кеңес берудің келесі сатысы – жиналған мәліметтермен танысу және талдау жасау.

Мектепте кәсіптік бағдар беруді алдыменен жоспарлау, жүргізу, жылдық жоспарға енгізілуі – жеткіншектердің кәсіптік бағдар алуының қалыптасуын айқындауға, нәтижелерін мұқият қадағалауға мүмкіндік беретіндігімен сипатталады. Мамандық таңдау туралы өзін-өзі айқындау қиындық тудыратыны белгілі, сондықтан бұл жерде міндетті түрде жалпыға бірдей принциптерді басшылыққа алу керек.

Мектепте кәсіптік бағдар беруді мектеп кезінен бастап қолға алумен қатар, болашақ кәсіп иелерін, әсіресе, педагогикалық мамандар дайындауда ЖОО ұйымдасқан үгіт-насихат тобының студент жастарды кәсіби мамандыққа шындауда үлесі зор екенін айтқымыз келеді. Оның құрамында кафедраның тәжірибелі мамандары, профессор-оқытушылары мен студенттер де бар.

Осы бағытта үгіт-насихат тобының мүшелері Ш.Есенов атындағы Каспий Технологиялар және Инжиниринг университеті, «Білім беру мектебі» факультеті, «Педагогика және психология» кафедрасының ұйымдастыруымен жыл сайын Ақтау қаласында орналасқан барлық жалпыға бірдей білім беретін мектептермен қоса, Маңғыстау облысындағы барлық аудан-ауылдарды аралап мектеп бітіруші түлектермен кездесулер өткізеді.

Қоғамдағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдай әлемнің мәдени жаңа білім кеңістігіне ену, өркениетті елдердегі ғылым мен білім беру жүйесі дамуының қазіргі кездегі тенденциялары, қазіргі ҚР білім беру бағытындағы реформалар мен жаңартылған бағдарламалардың ерекшелігі, әлемдік деңгейдегі ғылымдағы жинақталған тәжірибелерді талдау нәтижесі – мұғалім мамандығын сапалы етіп дайындауды қажет ететіні ақиқат.

Осы орайда бүгінгі күннің мұғалімі, жан-жақты кәсіби маманданған, қазіргі өзгермелі әлеуметтік жағдайға тез бейімделіп, шығармашылықпен ойлай білетін білімді, педагогикалық процесті жүйелі түрде алдын-ала болжай алатын, жаңашыл, басқалармен ынтымақтаса отырып, кәсіби педагогикалық қызметті дара шығармашылық тұрғыда жасауға бағытталған болуы керектігін түсіндіреді.

Мысалы: кәсіптік бағдарлама бойынша «Мен таңдаған мамандық» немесе «Психолог болу арманым» атты тақырыптарда пікірталас ұйымдастырып, өздері қалаған мамандықтарына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктерін қалыптастыру бағытында ашық тәрбие сағаттар мен тренингтер өткізіп, мамандар қажетті психологиялық кеңестерін береді. Бұл дегеніміз - қандай жолды таңдарын білмей дағдарысқа түскен мектептің бітіруші түлектері үшін үлкен



көмек, олар әртүрлі сұрақтар қою арқылы өздеріне қажетті пайдалы ақпараттарды жинақтайды, пікір бөліседі.

«Адам мен адамды теңестіретін – білім» деп М.Әуезов айтқандай, ғұлама да, данышпан да, қарапайым адам да өз өмір баспалдағын мектеп табалдырығынан бастайды, ұстаз ұсынған білім нәрімен сусындайды.

«Адам өмірінде екі нәрседен қателеспеуі керек: біріншісі – жар таңдау болса, екіншісі – мамандық таңдаудан» екенін ескерсек, осы жолда мектеп бітіруші түлектерге дұрыс жол сілтеп, бағыт-бағдар беру – ұстаздардың, яғни сіз бен біздің парызымыз болып қала бермек. Осы жолда қызығы мен қиындығы қатар жүретін ұстаз мамандығына баулу, оның қыр-сырын меңгерту жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауы мен ЖОО педагогикалық мамандықта оқитын студенттерге кәсіби бағдар беру жүйесін дұрыс ұйымдастыруға тікелей байланысты екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Климов Е.А. "Как выбрать профессию", 1990г.
2. Самоукина Н.В. "Активизация школьников профессиональным самоопределением", 1990г.
3. Симоненко В.Д. "Профессиональная ориентация учащихся трудового обучения", М., 1986г.
4. Түрікпенов Ж. Кәсіптік бағдар. Алматы, 1995

Білім берудегі жаңа бағыт- жаңартылған бағдарламаның ерекшелігі

Көкшеева З.Т., Нурова Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Ш. Есенов ат. Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,

«Педагогика және психология» кафедрасы

ҚР білім беру жүйесінде 2017-2018 оқу жылынан бастап білім берудің жаңартылған мазмұнына көшіп, осы бағдарламасының негізінде оқушылардың бойында тілдік дағдылардың дамытуға, функционалдық сауаттылықты арттыруға, адами құндылықтарды дамытуға баса назар аударылып, көптеген жаңартулар оң нәтижелерін беріп те жатыр. Бір қуантарлығы, жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылар әр түрлі дереккөздердегі ақпараттарға зерттеу жұмыстарын жүргізіп, яғни, бастауыш сыныптан ғылыми жұмыстармен айналысуды бастады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – дәстүрлі білім мазмұнын жаңарту, бағалаудың жаңа түрін (критериалды бағалау) енгізу, оқушының тілдік дағдыларын дамыту, оқытудың түрліше, жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану, ең маңыздысы сапалы білім беру және оқушылардың оқу нәтижелерін көтеруге бағытталған және білім, білік, дағдылармен қатар оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған. *Кесте 1*

Құндылықтар

- ☐ шығармашылық және сын
- тұрғысынан ойлау;
- ☐ қарым-қатынас жасай білу қабілеті;
- ☐ басқалардың көзқарасына құрметпен
- қарау;
- ☐ кез-келген іске жауапкершілік

Дағдылар

- ☐ алған білімді шығармашылық
- тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- ☐ мәселелерді шешу білу қабілеті;
- ☐ ғылыми-зерттеу дағдылары;
- ☐ қарым-қатынасқа түсу дағдылары

(тілдік дағдыларды қоса алғанда);



таныту;

☐ жеке-дара және топтасып жұмыс

☐ денсаулық, достық және өзгелерге істей білу қабілеті;

қамқорлық көрсету;

☐ АКТ саласындағы дағдылар.

☐ өмір бойы білім алу.

Қысқаша тоқтала кететін болсақ, жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың төрт тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Олар: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. Осы негізгі төрт дағдыны оқушылардың бойында қалыптастыру қажет және бұл дағдылардың әрқайсысы ерекше түсінікке ие.

Тыңдалым дағдысы – қосылған аудиожазбаны немесе айтылған ақпаратты, негізгі ойды құлақпен есту арқылы қабылдау.

Айтылым дағдысы – қандай да бір тақырыпқа қатысты өз ойын айту, жеке пікірін білдіру, дәлелдеу.

Оқылым дағдысы – мәтіндегі негізгі ойды түсіне отырып оқу.

Жазылым дағдысы – грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдей отыра қорытып, жазбаша түрде жеткізу.

Тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым – бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін тілдік қатынастың маңызды дағдылары. Сондықтан оқушыларға осы дағдыларды барынша жетілдіруге мүмкіндік беру маңызды. Нақты бір дағдыларды дамыту тәсілдерінің бірі – әр дағдыға жеке ерекше көңіл бөле отырып, бірнеше тілдік дағдыларды қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу. Сонымен қатар, тілдік қатынасқа түсу арқылы ғана біз осы дағдыларды жетілдіре аламыз.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. «Баланды өзің өмір сүріп отырған кезеңге емес, болашаққа қарай тәрбиеле» деп ғұламалар айтып кеткендей, білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың қазіргі заман талаптарына сай ұсыныстары ескеріліп жасалды. Білім беру жүйесіндегі әлемдік өзгерістер әсіресе мұғалімдерге өзгерістің қажеттігін дәлелдейді. Себебі мұғалімдер болашақты дайындайды, ал болашақ -қазіргі мектеп оқушылары болып табылады.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну. Ендеше, «Білімнің бастауы – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – бастауыш білім беру саласы» екені ақиқат. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Осындай әдіс-тәсілдерді тарката кетсек:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.



Коммуникативтік тәсіл–бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Зерттеулік білік пен дағдылар адамға тек ғылыми жұмыспен айналысқанда ғана емес, сонымен бірге оның басқа да қызмет аясында қажет. Шығармашыл - зерттеушілік ізденіс кез-келген кәсіптің ажырамас бөлігі болып табылуда. Баланы зерттеушілік іс-әрекетке дайындау, зерттеулік ізденістің біліктері мен дағдыларына үйрету қазіргі кезде білім берудің маңызды міндеті болып отыр.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы сол – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады:

1.Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаоану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. «Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда , қайырымы қайтпаса» деген екен А.Байтұрсынов.

Сондықтан үнемі кәсіби біліктілігін артып, жаңашылдыққа ұмтылған педагог қана шығармашылықпен, зор қуатпен еңбектенеді. Осы мақсатта өзіміз қызмет ететін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің жанынан құрылған педагог-профессор қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған институт (БАИ) әртүрлі



курстар ұйымдастырып, білім беру жүйесінде педагогтардың алдына жаңа міндеттер жүктеп, оларға үн тастады деуге болады. Мақаламызға арқау болып отырған жаңартылған бағдарлама бойынша да педагогикалық мамандықтардың бітіруші топ студенттері мен магистранттары жыл сайын осындай курстарға қатысып, кәсіби маман-тренерлерден үйреніп, тәжірибе жинап, білімдерін шындап келеді. Олай дейтініміз, білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімдердің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Ағартушы-ғалым А.Байтұрсынов: «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -десе, Лев Толстой «ұстаз үнемі жаңалыққа ұмтылып, ізденісте жүруі тиіс. Егер ол ізденісін тоқтатса, онда мұғалімдігінің де тоқтағаны.. » деп айтқандай, ұстаздар да қазіргі заман талабына сай жаңарып, сол қоғам мүддесіне сай болуы керек.

Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген үлгілердің жасалуы; білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы ортаның құрылуы. Әлемдік білім беру жүйесіне негізделген осындай басым бағыттар ұрпақты озық, саналы дара тұлға деңгейінде қалыптастырады демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
2. Жаңартылған оқу бағдарламасының басымдықтары [журн.ред.] // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2018. - №9.
3. Жаңартылған оқу бағдарламасының басымдықтары Ж.Е.Есепбай // 12 жылдық білім беру = 12 летние образование. – 2018. - №1.

ЛЕГО конструктордың бала дамуына маңызы зор

Мухамедиева Динара

Ойын барысында баланың білім дағдыларын игеруі мен өзіндік қабілеттерін жетілдіруде ЛЕГО конструкторының маңызы зор. Бүлдіршіндер кішкентай кезінен бастап әртүрлі өлшемдегі және пішіндегі түрлі-түсті бөлшектермен ойнағанды жақсы көреді. Үлкенді-кішілі құрылыс бөлшектерінен тұратын ойын құралдарының бала шығармашылығын дамытуда ерекше орын алатындықтан, әлемге танымал Lego компаниясы жылдан-жылға олардың түрлерін жаңартып, үнемі ауқымын кеңейтіп келеді. Балалардың қай кезде болмасын, үйде де, балабақшада да, көшеде де жүзеге асатын кез-келген қызықты әрекеті олар үшін «ойынмен» тығыз байланысты. Міне, сондықтан атақты педагог А.Макаренко: «Ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналады. Бала ойында қандай болса, ол өскенде жұмыста сондай адам болады» деп бекер айтпаса керек.

Бүлдіршіндердің өзін қоршаған орта мен ондағы құбылыстарды танып білуге деген талпынысы жеке тұлға болып қалыптасудың алғашқы баспалдағы болып табылады. Осы орайда баланың білуге құштарлығы мен шығармашылық қабілеттерін танытып, өз туындыларын ойлап табуға және жасауға Lego құрылыс бөлшектерінің мүмкіндіктері көп. Мысалы атап өтсек: жобалау мен дизайнға қызығушылықты дамыту, балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ынталандыру; кеңістіктікте ойлауды қалыптастырып, оны талдай білу; әрқайсысының өзіне тән белгілері мен негізгі бөліктерін бөліп көрсету және олардың арасында байланыс орнату; конструкцияларды жобалау және құрастыру кезінде алған білімдерін



тәжірибеде қолдану; ұсақ және жалпы моториканы, кеңістікте бағдарлауды дамыту; диалогтік және монологтық сөйлеуді дамыту, сөздік қорын молайту; балалардың жұппен, топпен жұмыс істеу, міндеттерді бөлу кезінде коммуникативті дағдыларын жетілдіру әрекеттерін үйренеді.

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық дамуына қажетті білім беру бағыттарын қамтамасыз етеді. Мұғалімге оқыту, тәрбиелеу және дамыту әрекеттерін ойын арқылы іске асыруға көмектеседі. Әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге пайдасы көп. Балалардың бірлескен шығармашылық дағдыларын жетілдіреді. Балаға өз бетімен тәжірибе жасауға және өз әлемін құруға жағдай туғызады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстанғанда олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі конструкторларды қолдануға болады. Мысалға, әртүрлі бөліктерден, соның ішінде тікбұрышты және шаршы кірпіштерден, екі бөлікке бөлшектелген автокөлік құралдарынан тұратын ЛЕГО ДУПЛО жиынтығында баланы санауға, нұсқауларға сәйкес құрастыруға, әріптерге үйретуге арналған көптеген оқу жинақтары бар.

Ішінде үйлердің, көліктердің, маяктардың, құлыптардың және текшелері бар жәшіктердің, есіктері мен плиткаларының терезелері бар тақырыптық жүйені қамтыған ЛЕГО КРЕАТОР жиынтығы арқылы баланы ЛЕГО-ның классикалық шағын бастамасымен таныстырған жөн. Ал ЛЕГО СИТИ түрінде қалаға қатысты бөлшектер: полиция бекеттері, өрт сөндірушілер, жедел жәрдем, пойыздар және тағы басқалар бар.

Тақырыптық жиынтықтардың қай-қайсысын алсаңыз да, балалардың ең жақсы көретін кейіпкерлері мен әрекеттері алынған. Мұнда жеке фильмдер мен мультфильмдер, роботтардың барлық түрлері, құбыжықтар, трансформаторлар, ниндзялар және ғарыш кемелері бар. Сондай-ақ ЛЕГО РАКЕРС, ЛЕГО ТЕХНИК, ЛЕГО ВЕДА деген де түрлері көпке мәлім.

Конструктормен жұмыс жасау үшін алдымен ЛЕГО бөлшектерімен егжей-тегжейлі танысу қажет. Әрбір берілген жиынтықтың нұсқаулығына сәйкес керекті мәліметтерді таңдап, құрылыс нышандарын жасап үйренуге болады. Ересектер тарапынан жасалған ғимараттардың үлгісіне қарай отырып, салыстырмалы түрде соған ұқсатып, қажетті бөлшектерді пайдаланып, жұмыстануға дағдыландырған жөн. Қайта-қайта құрастыру нәтижесінде тәжірибе жинаған соң өз бетімен жаңа жоба құрастыруға бағыт берген абзал. Бұл ойын құралы құрылыс саласымен байланысты болғандықтан, үйренуде де, игеруде де қиындық тудырмайды. Керісінше балалардың ерте жастан өзіндік қабілеттерін шынықтырып, ой өрісін дамытуға өз үлесін қосары сөзсіз.

ЛЕГО ойыншықтары арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда ерекше рөл атқарары анық. Мысалы, пішіні, түсі, көлемі бойынша таңдалған бөлшектердің тізбегін құрастыру үшін «Тізбекте» ойынын ойнатуға болады. Ал «Ойыншықтар бөлмесі» ойынында балалар жиһаз сызбалары көрсетілген нұсқаулықпен жұмыстана отырып, мұғалім әр нұсқа мен ондағы жиһаздың тізбегін талқылап, бірлесе жұмыстануға көмектеседі.

Сондай-ақ тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін құрастырып жасауды балаларға ұсынады. Тапсырманы орындау барысында кейіпкерге мінездеме беріп, ой елегінен өткізіп, оның бейнесін жасайды. Кейіпкерлердің атынан сөздер айтады. Мұғалім балалардың жұмысын бағыттап, қажет болған жағдайда қосымша сұрақтар қойып көмектеседі. Француз ағартушысы Жан-Жак Руссоның: «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстінен шимай қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол да солай тәрбиеленеді» – демекші, нәтижесінде балалардың үйренген әрбір нәрсесін тез қабылдап, қайталап көруге тырысқанын байқауға болады.

Бүлдіршіндердің сөйлеу дағдыларын дамытуда «Лего кішкентай адамдар» жиынтығы өте ыңғайлы. Себебі қызыл киімдегі ерлер дауысты дыбыстарды, ал көк түстегі адамдар дауыссыз дыбыстарды білдіреді. Ал қызыл және көк түсті кірпіштерді алмастыру арқылы сөздер мен сөйлем сызбаларын жасауға болады. «Сиқырлы үлгілер» ойынында балалар пішіндерден әртүрлі өрнектерді жасау арқылы эстетикалық талғамдарын арттырса, «Екінші жартысын тап» ойынында симметрияны сақтап, оны бейнелеу әдісімен шығармашылық қабілеттерін жетілдіре түседі.



ЛЕГО ойыншықтары баланың тек отырған қалпында пайдаланып қоймайды. Сонымен қатар қимыл-қозғалысын дамытуда «Бөлшектерді жина» ойынының ықпалы зор. Балалар ойыншылардың екі тобына бөлініп, олардың әрқайсысында белгілі бір түстен тұратын бөлшектерді алады. Мысалы: екеуі бір-бір көк және қызыл түстен. Ойыншылар бөліктерді бір қораптан екіншісіне кезекпен ауыстыруы тиіс. Қай топ тапсырманы тез орындаса сол жеңіске жетеді. Аз қозғалысты талап ететін «Тепе-теңдік» ойынын да мысалға алайық. Бір бала басына Лего кірпішін қояды, басқа балалар оған «үш рет айнал, алға екі қадам жаса, шеңбер жаса» деген сынды тапсырмалар береді. Егер бала үш тапсырманы бұлжытпай орындаса, онда ол жеңіп, сыйлықпен марапатталады.

